Үлкендер жолы – ұлық!

# АЛАТАУ Ардагері

ardager@mail.ru · Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті · №24(34) 14 маусым 2024 жыл

Пленум жұмысы

## АСТАНАДА АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ПЛЕНУМЫ ӨТТІ

**«Адал адам, адал еңбек, адал табыс». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы идеясын жүзеге асыру барысына орай бүгін Ардагерлер ұйымы Орталық кеңесінің Пленумы өтіп, осы Пленум барысында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаевамен кездесу болды. Ведомство басшысы жастарды тәрбиелеу жолында «Ардагерлер ұйымының» жұмысы маңызды екенін айтты.**

Шараға Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова да қатысты. Оның айтуынша, елде 142 соғыс ардагері мен 48 мыңнан астам еңбек ардагері бар. Олардың барлығы мемлекеттің қамқорлығында. Баспана кезегіне тұру, медициналық қызмет пен ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алу бойынша түрлі жеңілдіктерге ие. Келелі жиын кезінде «Батырларға тағзым» порталын қолдау, соғыс ардагерлерін марапаттау, оларға құрмет көрсету, көшелер мен мектептерге есімдерін беру сияқты мәселелер сөз болды. Іс-шара соңында Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңістің 80 жылдығын өткізу бойынша ардагерлер ұйымының жоспары бекітілді.

- Биыл екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Қазақстан ардагерлері туралы мәліметтерді қамтитын баршаға қолжетімді «Батырларға тағзым» порталы іске қосылды. Бүгінде порталдың қызмет аясы кеңейіп, барлық қазақстандық ардагерлер туралы деректерді біріктіретін ақпараттық интерактивті жүйе ретінде жұмыс істеуін мақсат етіп отырмыз. Сондай-ақ соғысқа қатысушыларға арналған Қазақстан-Ресей тарапының бірлескен фотоальбомын шығару жұмыстары жүргізіліп жатыр.-деп атап өтті кездесу барысында ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева.



Сондай-ақ осы жиында Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы, Алматы облысының Құрметті Азаматы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов баяндама жасады. Төменде оқырман қауымға Ерболат Сапарұлының ардагерлер ұйымының пленумында сөйлеген сөзін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

### Жаңа Қазақстанды құру үшін адал азаматтар керек

2022 жылғы 8 маусымда Ел Президентінің арнайы жарлығымен Алматы облысы бөлініп, қазір оның құрамына 9 ауданы және облыстық бағыныстағы 2 қаламен облыс орталығы Қонаев қаласы болып өзгертілді.

Қай уақытта болмасын ардагерлердің мол тәжірибесі мен өмірден түйген, көрген-білгендерінің өзі-бүгінгі ұрпақ үшін таусылмас қазына.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Атырау төріндегі құрылтайда «Ең алдымен халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін аса маңызды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе, елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар – қазақтың қаймағы, ұлттың мақтанышы. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. Яғни, алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек. Олар ұрпаққа өнеге болатын кесек әңгіме айтуы кажет.

«Адал адам-Адал еңбек-Адал табыс» - бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш таған озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады. Балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі керек» - деп айрықша атап өткен болатын.

«Әділетті Қазақстан» мен «Адал азамат» сияқты ұғымдардың біздің қоғамымызда басымдық танытуы үшін халық арасындағы кретивтілік, мобилділік, ашық сұхбатқа дайындық сияқты касиеттердің кеңінен таралуына назар аударамыз.

Алға қойған ең басты мақсатымыз – ардагерлердің тұрмыс жағдайын, оларға қызмет көрсетудің мәдени-тұрмыстық, медициналық, жастарды аға ұрпақтың жауынгерлік және еңбек даңқы дәстүрінде, ата-бабаның озық халықтық дәстүрінде тәрбиелеуге, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жоспарларының іске асырылуына атсалысу. Бұл бағытта облысымыз құрылғалы екі жылға жуықтаған уақыт аралығында ауқымды шаралар өткізілді.

Биылғы көктемде еліміздің басым бөлігін қарғын су алып, елде алаңдаушылық болды. Алматы облысының ардагерлері де бұл қиын жағдайда да қалыс қалмай, барынша қолдау көрсетті.

Су тасқынында зардап шеккен өңірлерге гуманитарлық көмек жинау үшін 500 волонтерден тұратын штаб құрылып, 400 тоннаға жуық күнделікті тұрмысқа қажетті заттар, бизнес субъектілері тарапынан 90 млн.теңге аударылды.

Батыс Қазақстан облысына 171 арнайы техника жолданып, гуманитарлық көмек көздеген жерлерге жеткізіліп, «Тау Тұран» және «Тау Жаңашар» балалар сауықтыру лагерлеріне Ақтөбе және Батыс Қазақстан обыстарынан 211 бала қабылданды.

Облыс ардагерлерінің шығармашылығын арттыру, оларды қоғамдық шараларға белсене қатыстыру, аудандық ұйымдардың бір-бірімен тығыз байланыста болуы, бір-бірінің жетістігін дәріптеу мақсатында жүйелі түрде түрлі іс-шараларды өткізіп келеді. «Баталы ел көгерер» тақырыбында маңызды шараның ұйымдастырылды. Мұнда алдымен «Баталы ел көгерер» атты батагөйлер сайысы өткізілді. Бата беру дәстүрі – қазақ халқының ұлттық құндылықтарының бірі. Кейінгі ұрпаққа үлгі ету, халық шығармашылығын насихаттау, қазыналы қариялардың бойындағы қасиеттерін дәріптеу арқылы жастарды имандылыққа тәрбиелеу, оларға үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйрету мақсатында өтті.

«Қарттарым-асыл қазынам» атты іс-шарасы өткізілді. Бұл іс-шараға 200-ге жуық адам мен қазылар алқасы қатысты, оның құрамына республиканың еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері кірді.

Облыстың барлық аудандары мен Қонаев қаласында ардагерлер мен зейнеткерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ардагерлер арасында түрлі спорттық шаралар, облыстық турнирлер ұйымдастырылып тұрады.

Осы орайда «Атадан қалған асыл сөз» тақырыбында облыстық конференция өткізіліп, конференцияға жастар ұйымдарының, медициналық мекемелердің, зиялы қауымның өкілдері, кәсіпкерлер, жұмысшылар арасында адамгершілік, руханият, патриотизм, отбасылық тәрбие тақырыптарында ой қозғалып, пікірталас ұйымдастырылды.

Облысымыздағы аға ұрпақ өкілдері жастарға тәрбие беріп, өздерінің нақты істерімен, өмірлік ұстанымдарымен үлгі-өнеге көрсетіп, елдің ынтымағы мен бірлігін сақтауға орасан зор үлес қосып келеді.

Облыстық ардагерлер ұйымының жанынан «Алатау жастары» ұйымы құрылып, 9 аудан, 1 қалада филиалдары ашылып, облыс жастарымен бірігіп, ауқымды жұмыстар жасалуда. Жастарды кәсіби маман ретінде қалыптастыру, оларға бағыт-бағдар беру мақсатында «Тәлімгерлер клубы» ашылып, оған әр ауданнан құрамында кәсіпкерлер, ұстаздар, дәрігерлер, ауыл шаруашылығы саласының мамандарынан 90 адам мүшелікке қабылданды.

Осындай игі шаралар қарттардың, тыл ардагерлерінің белсенділігін арттырып, өмірге құштарлығын оятады. Олар облыста болып жатқан іс-шараларға белсенді қатысып, өздерінің тәжірибесін, көрген-білгенін жас ұрпаққа айтып отырады. Бір сөзбен айтқанда, ардагерлер ұйымдары ұлттық құндылықты ұлықтау, ұлтаралық татулық пен тұтастықты сақтау, жақсы істерге бастамашы болуы сияқты жұмыстарды алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастыратын болады.

Жоғарыдағы атқарылып жатқан ауқымды шараларды облыс тұрғындарына ақпараттық насихаттау үшін, жергілікті жерлердегі ардагерлер ұйымдары жұмысымен, зейнеткерлер өмірі және тұрмысымен танысу мақсатынада 6200 данамен «Алатау ардагері» газеті аптасына бір рет жарыққа шығып тұрады. Бүгінгі күні басылым зейнеткерлердің қызығушылығы мен мақтанышын тудыруда.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасына үн қосу үшін «Алатау ардагері» газетінің арнайы «Билікке айтарым бар» атты айдары бойынша облысымызда аға буын өкілдерінің қордаланған мәселелерді билік өкілдеріне, жергілікті атқарушы органдарға жеткізіп, оның орындалуы облыс әкімінің тікелей бақылауында жүзеге асуда.

Әділетті Қазақстанды Адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық, парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады.

Барлық жоспарланған іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуде біздің ұйым облыс әкімдіктері, кәсіпкерлері мен қоғамдық ұйымдар тарапынан үлкен қолдау алады.

Газет бетін пайдалана отырып, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақтықожа Салахатдинұлына Алматы облыстық ардагерлер ұйымының жұмысын әрдайым қолдағаны үшін, көрсетіп келе жатқан қамқорлығы үшін облыс ардагерлері атынан алғысымды білдіргім келеді.

«Әділетті Қазақстанды» құру үшін әрбір отандасымыз адал азамат болуға ұмтылуы қажет. Сонымен бірге, жас ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін жүйелі жұмыс жасауға Алматы облысы ардагерлері әрдайым үлесін қоса беретін болады.

**Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,**
**облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы.**

Жастар тынысы

## Аудандарда өткен шаралар

**Бұл күндері облыс аудандарында жастар ұйымдары арасында белсенді шаралар қолға алынып, жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Біз олардың бастарын бір ақпаратқа сыйғызған едік.**



Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылында екі айдан бері «Алатау жастары» ұйымы құрылып, жұмыс жүргізуде. Жақында Ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен «Отанды қорғау-абыройлы борыш» атты іс шараны Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Бауыржан Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімінде өткізді. Жастарды патриотизмге, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатындағы шараға ауданымыздың 24 селолық округінің ардагерлер кеңесінің төрағалары, төрайымдары, «Алатау жастары» ұйымының мүшелері қатысты. 28237 әскери бөлімінде ақсақалдар жаңа технологиямен танысып, әскердегі жылдарын еске алды. Сондай-ақ, жастар әскер өмірінің қалай болатындығын көріп қайтты. Іс шарада аудан әкімі Нұрлан Ертас, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының төрағасы Ерболат Тұрымбетов, қорғаныс бөлімінің басшысы Эрнест Жанболатұлы, Жамбыл ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Батырхан Мендебаев және «Алатау жастары» ұйымының Жамбыл ауданы бойынша филиалының төрағасы Айдын Серікұлы сөз сөйледі.

xxx

**4 маусым күні Кеген ауданы жастарының конференциясы өтті.**

Конференцияға аудан әкімі, селолық округ ақсақалдары, аналар, жастар ұйымының жетекшілері, имамдар, аудандық бөлім қызметкерлері қатысты. Жиналыс соңы мемлекеттік рәміздер күніне орай аудандық орталық алаңда рәміздерді ұлықтауға арналған шараға ұласты. Одан кейін жастар таудағы биік шың Ақшоқыға Қазақстан Республикасының көк туын тікті.

xxx

**Райымбек ауданында “Отанды қорғау-абыройлы борыш“ тақырыбында аудан жастарының қатысуымен шара өтті.**

Шараға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекболат Ыбырайымұлы Бірбаев, Ауған соғысының ардагері Берік Қасымханұлы, Таулы Қарабах соғысының ардагері Бекболат Турдиев және арнайы шақыртумен біздің ауданда әскери борышын өтеп жүрген азаматтар қатысты. Шараны аудандық «Алатау жастары» жастар ұйымынының төрағасы Ғабиден Данияр Дүйсенұрұлы жүргізді. Бүгінгі шарада негізінен әскери міндет, оған міндетті деп табылатын азаматтардың Отан алдындағы әскери борышын өтеуге деген ынта ықыласы, көзқарасы, қызығушылығы төңірегінде әңгіме болды.



xxx

**Ұйғыр аудандық кітапханада аудандық ардагерлер ұйымы мен аудандық «Алатау жастары» Пленум мүшелерінің конференциясы болып өтті.**

Конференция жұмысына аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшелері, ауылдық округ әкімшіліктерінің өкілдері, бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен жастар ісі бойынша мамандары, «Алатау жастары» ұйымының Пленум мүшелері, аналар Кеңесінің төрайымы, бас имам мен аудандық Қорғаныс бөлімінің басшысы қатысты. Күн тәртібінде «Жастарды жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу жолдары», «Отанды қорғау-абыройлы борыш» мәселелері қойылды. Баяндамамен аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсеитов, ауданның бас имамы А.Садыхбаев, ауданның Қорғаныс бөлімінің басшысы А.Адильханов сөзге шықты. Жарыссөзге жастардан О.Бекжұмаұлы, Е.Бектуров, ардагерлерден А.Хамраев, Ы.Асаубаев, С.Касимов, Б.Ажыбаев шығып, өз ойларын айтып өтті. Конференция соңында осы жұмысқа белсене араласқандар облыстық ардагерлер ұйымының Алғыс хаттарымен марапатталды.

**Өз тілшіміз.**

Есімі елінің есінде

# КАЛИНИНДІ КӨРГЕН ҚАРИЯ

**Жастар қашан да жасампаздығымыздың жарқын көрінісі екенін өмірдің өзі дәлелдеп берген болатын. Сондықтан да болар, заманымыздың заңғар ақыны Мағжан Жұмабаев: «Мен жастарға сенемін» деп, жастарды еліміздің ертеңі екеніне ерекше тоқталып өткені тегін болмаса керек. Олардың қоғамымыздың қозғаушы күші екенін ешкім де теріске шығара алмайды.**

Әдетте белгілі бір жердің, болмаса елдің тарихын әңгіме өзегіне айналдырған тұста оның қалыптасу, даму тарихының бастауында болған тарихи тұлғалар көз алдымызға келетіні анық. Біз бүгін Талғар ауданындағы ресми, бейресми мәлімет бойынша халқының саны қырық мыңның о жақ, бұ жағын қамтитын Тұздыбастау ауылының іргетасын қалаған аға ұрпақ өкілі туралы айтпақпыз.

Кебекбай Аманжолұлы 1880 жылы шаруа отбасында дүниеге келген. Шежіре бойынша Ұлы жүз құрамындағы Дулат тайпасынан тарайды,бергі руы – Бидас.

1929 жылы өз малымен, ат соқасымен социалды артеліне мүше болып кіріп, кейін төрағасы болған Кебекбай атаның өз әулетіне, жалпы қазақ еліне қосқан үлесі зор. Тұздыбастау ауылымыздың тарихы да осы кісіден басталады. Жазық жерге темір қазық қағып, 24 отбасымен көшіп келіп, осы жерді мекен етті.

Көнекөз карттардың аузынан естіген дүниелерге және тарихи деректерге сүйенсек, КСРО Орталық атқару комитетінің председателі М.И. Калининді көзімен көріп, оның қолынан болашақ осы колхозға мәңгілікке берілген жер актісін алған. Кейін осы кісінің құрметіне колхозға Калинин есімі берілгені тарихтан белгілі. Демек, жер актісін алған күннен бастап бүгінгі Тұздыбастаудың, кешегі «Калинин» колхозының тарихи тағдыр жолы басталды деген сөз. Осы жылдар бойында Кебекбай қария колхозды басқарған болатын. 1942 жылы колхоздың ұйымдастырған көмегін соғыстағы И.В. Панфилов девизиясының командирі генерал И.М. Честяковтың өз қолына тапсырған да осы кісі болған көрінеді.

Ол кісінің колхоздың әлеуметтік-экономикалық даму жолына қосқан үлесіне деген ел-жұртының құрметі болса керек, бұл күндері Тұздыбастау ауылының бір көшесі Кебекбай Аманжолұлы атымен аталады. Ерінің есімі елінің есінде деген де осы шығар.



Өз заманында Кебекбай атамыз нағыз дана адам болған еді. «Білікті бірді жығар, білімді мыңды жығар» демекші, кез-келген мәселені күшпен емес, ақылмен шешкен. Кебекбай атамыздың замандасы оған арнап келесі өлеңді жазған екен:

Даяр болып, ер жетіп, Кебекбай шықты жасынан,
Қызыл тілі сүрінбей, ер сасатын жерінде ақыл тапқан бүгілмей,
Ерегіскен дұшпандар кеткен емес кездессе бір жанынан түңілмей,
Жан таң қалған сөзіне, кім шақ келген өзіне?
Заманында болған жан, уақытымен болған жан,
Сөйлеп кетсе сөзіне, келтірсе Құдай кезіне
Дуа берді өзіне, жақсы көрген кісіге оң көзімен қараған,
Нәсілі нұрдан жаралған, үлкен съезд, топ болса жан аузына қараған,
Жақсы көрген жігітті өз көңіліне санаған,
Ерегіскен дұшпанды көк тырнадай талаған,
Тәуір болған жігіттер Кебекеңе жараған.

Аманжолұлы Кебекбайдың Ысқақ, Сыдық, Оразалы, Байқан атты ұлдары және Мәрия деген қызы болған. Ұлы Отан соғысы басталғанда төрт ұлының үшеуін соғысқа жіберген батыр әке. Тұңғыш ұлы Сыдық Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапты. Ысқақ есімді екінші ұлы да майданға аттанып, оралмады. Ұлы Отан соғысынан Оразалы баласы ғана аман-есен оралды. Кенже ұлы Байқан жасының кішілігіне байланысты соғысқа аттанбай, әкесінің жанында қалған.

Аманжолұлы Кебекбай ел-жұртқа сыйлы, қазақи болмысты, қиналғанда талайы келіп арқа тұтқан беделді жан еді. Ағайынның



ақылшы қамқоршысы бола білген, оның ұлағатты сөздері ұрпағы үшін өмірлік азыққа айналғандай. Ел бірлігін қамтамасыз ететін үш тұлға: ата, әке, немере сабақтастық жібі үзілмей Кебекбай атамыздан тараған ұрпақ та ауылымызға сыйлы азаматтар болған.

Бүгін де жұрт аузындағы атамыз туралы естелік сөздерді сараласақ, оның өз ортасында тұлғалық, ақсақалдық дәрежеге жеткенін аңғарамыз. Артына өлмес мұра, өшпес із қалдырған Аманжолұлы Кебекбай есімі Тұздыбастау ауылының тарихында алтын әріптермен жазылып, ауыл тұрғындарының жадында мәңгілікке сақталады. Тұздыбастау тарихы бүгін әңгімемізге өзек еткен Аманжолұлы Кебекбай өмірімен тығыз байланыста болғандықтан екеуі ертоқымның егіз екі үзеңгісіндей болып қала бермек. Тұздыбастау ауылы бар да, ол кісінің аты өшпесе, ол кісінің осы ауылдағы жарқыраған тағдыр жолы жатқанда іргелі елге айналған Тұздыбастау ауылының да тарихы өшпек емес.

**Ауған ҚЫПШАҚОВ.**
Талғар ауданы.

16 маусым – Медицина қызметкерлері күні

# ДЕНІҢЕ САУЛЫҚ, ДЕРТІҢЕ ШИПА СЫЙЛАҒАН ЖАНДАР

**Елімізде маусымның әр үшінші жексенбісі – медицина қызметкерлерінің күні. Осы атаулы күні адам жанының арашашысы, ақ халатты абзал жандарға арнайы құрмет көрсетіліп, еңбектері ерекше еленеді.Адам баласы болған соң, басы ауырып, балтыры сыздамайтын жан болмайды. Қашанда денсаулығымыз сыр беріп, жанымыз қысылғанда көмек қолын созуға қашанда дайын тұратын дәрігерлер әрдайым зор құрметке ие.**



Айтса айтқандай, жылына бір рет келетін медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Ұйғыр аудандық орталық ауруханасы мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорынының директоры, Алматы облыстық мәслихаттың депутаты Ақжолтайева Алия Ақжолтайқызына жолығып, аурухананың бүгінгі тыныс-тіршілігі жайында айтып беруін өтінген едік.

Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігерлерді халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Әр адам өз өмір жолында ақ халатты абзал жандармен кездесіп, олардың ыстық ықыласы мен аялы алақанының табын сезінеді. Бұның бәрін тек бір ғана «Ақ халатты абзал жандар», - атты есімге ие мамандар ғана бере алады. Олардың көмегімен тоқтаған жүрек қайта соғып, үмітімізді жалғап өмірге деген құлшынысымызды арттырады.

Аурудың жасқа да, кәріге де қарамастан, ұрымтал жерден соға беретіні ақиқат. Сондықтан ине мен пышақты өмірлеріне серік еткен осы бір саладағы мамандық иелеріне бесіктегі баладан есіктегі қартқа дейінгі адамдардың айтар алғысы шексіз екендігіне шүбәміз жоқ. Ең қымбат байлық ол – денсаулық. Ал өзінің ғана емес, өзгенің де тәні мен жан саулығына қамқорлық жасап жүретін – ақ халатты абзал жандар десек артық айтқандық емес.

Ұйғыр аудандық орталық аурухананың емдеу бөлімі – Ұйғыр аудандағы ең мақтаулы бөлім. Емдеу бөліміндегі бүкіл аурулардың қас-қабағына қарап, олармен бірге ауырып, бірге күліп жүретін медицина қызметкерлерінің еңбегі ерен. Дәрігерлер Супиева Альбина Камирдинқызы, Ризайдинов Саид Пайзулламұлы әр жаны ауырған адамдармен жеке-жеке сөйлесіп, әр ауырған жанның ауруына дауа іздеп табауға тырысады. Мейірбикелерден Раисам, Шолпан, Луиза, Румилям, Айгуль, Гульсаням – өз ісінің шеберлері, дәрі-дәрмекті уақытында қабылдауға көңіл бөліп, соны үнемі қадағалап отырады. Мейірбикелердің бүкіл істерін бақылауға алып отыратын мейірбикелердің басшысы Илахунова Малинням – өз ісінің майталманы.



«Тазалық – денсаулық кепілі». Кез – келген ауруханада тазалық болуы керек. Бекетаева Бибігүл – шаруа бикесі. Тазалықты сақтауға көңіл бөліп жүретін Майгүл, Мухаббат, Ләззәт, Әсемдерді кез-келген емделуші мақтап, өз алғыстарын жаудырып тұрады. «Ас – адамның арқауы», «Ас тұрған жерде ауру тұрмайды», - деген мақал бар. Емделушілерге ішетін астарын уақытында беріп, ыстық ықылас, көтеріңкі көңіл-күй сыйлап жүретін Алиасқарова Айгүлдің еңбегі мақтауға тұрарлық.

Әңгіме барысында кәсіпорын директоры Алия Ақжолтаеваның айтуынша Ұйғыр аудандағы орталық аурухана бөлімшелері арасынан жоғары көрсеткіштерге жетіп 2023 жылдың қорытындысы бойынша үздік бөлімше аталып отырған - жұқпалы аурулар бөлімшесі. Бөлімше меңерушісі Құрбанова Камила Кахарманқызы, инфекциялық дәрігер, аға медбике Тохсунова Адәләт Тохтахунқызы, медбикелер Н.Валиева, Н.Тургенбаева, Д.Аюпов, З.Идековалар, сондай-ақ кіші медицина қызметкерлері А.Кеикова, Г. Омарова, Ж.Сеитбаевалардың жемісті еңбегіне аудан халқы әр қашанда дән риза. Осы айтылған жақсы сөзді бөлімшеде ем қабылдап үйіне шығып бара жатқан ер адамның бөлімше қызметкерлеріне біздің көзімізше айтқан алғысын жеткізуді жөн көрдік.

Қазір бұрынғыдай әр кабинеттерден қағаздарыңды іздеп, жүгіріп жүрейсің, барлық ғылымның цифрлануға көшіп жатқаны белгілі. Медицина саласы да цифрландыру жүйесіне еніп жатыр. Бұл жұмыстың жүйелі әрі жылдам жүруіне көмектесеуде. Осының арқасында халыққа қызмет көрсету сапасы да жақсарып, керекті дәрігерлердің деректері бір ортадан ізделуде.

Жалпы, медицина саласында дәрігерлеріміз медбикелермен тығыз байланыста. Дәрігерлер медбикелерсіз жұмыс жасай алмайды. Жұмыстың 90 пайызы медбикерлермен жүргізіледі. Біздің медбикелер дәрігерлердің нұсқауымен ары қарай жұмысын жалғастырып, өз жұмыстарының нәтижесін көреді. Сондықтан медбикелер науқас жандармен тығыз байланыста. Емханадағы жұмыс өзінше бір басқа, кейде кестеге сәйкес ауылдағы көшелерді аралап, түсініктеме жұмыстарын жүргізетініміз тағы бар, - дейді медбикелер.

Дәрігер – адам жанының арашашысы, жер бетіндегі сан алуан кәсіптің ішіндегі ең ізгі, ең қастерлі мамандықтың иесі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға көп көңіл бөліп отыр. Сондықтан медицина саласының ілгері дами түсуі сіздердің білімдеріңіз бен тәжірибелеріңіздің үздіксіз дамуына тікелей байланысты. Дәрігерлердің кәсібилігі, антқа адалдығы мен жылы жүрегі адамның тәнін ғана емес, жанын да емдейді. Қазақстанда медицина мамандарының мәртебесі мен беделі жоғары болу үшін соңғы жылдары барлық жағдай жасалуда. Мемлекет денсаулық сақтау саласына әрдайым айрықша көңіл бөлеуде. Көптеген заманауи емдеу орындарының салынуы, білікті мамандарды даярлауға бөлінетін грант санының көбеюі, осы сала қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетілуі - соның айқын дәлелі. Түптеп келгенде, мұның бәрі салауатты қоғам қалыптастыруға ықпал етеді.

Баршаларыңызды кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Саламатты ұлт қалыптастыру жолындағы еңбектеріңіз жанып, халықтың ыстық ықыласына бөлене беріңіздер! Еліміздің бүгіні баянды, ертеңі нұрлы, келешегі келбетті болсын! Сіздерге мықты денсаулық, еңбектеріңізге табыс, отбасы бақыты мен берекесін тілейміз!

**Жұман МАТАЙ.**
**Республикалық «Іле өңірі - Или вадиси» газеті бас редакторының орынбасары,**

**Рая САРТОЛОВА,**
**Ұйғыр аудандық ардагер әжелер алқасының төрайымы.**

Ұмытылмас бейне

# Еліне қорған болған қайран Ораз

**Алатау бөктеріндегі ел шежіресінің тұтас бір полотносын жасаған көрнекті жазушы жерлесіміз Балғабек Қыдырбекұлының есімін иеленген біздің ауыл ХХ ғасырдың басындағы Октябрь революциясына дейінгі кезеңде Қарасаз деп аталыпты. Балғабек ағамыздың жанры роман-диптих деп аталған «Алатау» туындысын парақтап көрсеңіздер, мынадай құнды мәлімет кездеседі:**



«...Сонау Күрті болысында мың екі жүз түтін болатын. Олардың бәрі Шапыраштты тайпасы Ыстық баласының Желді деген атасынан егіз туған Асыл, Шыбыл деген екі рулы ел еді. Арасында тіпті сол жылдары ең ақыр аяғы кірме болып жүрген басқа рудың бір адамы жоқ-ты. Сондықтан мұндай қиын жағдайда советтендіруді қалай жүргізу керек? Әрине, олардың арасынан шыққан пысық кедей жігіттерді, ең болмаса бай тұқымының тоқалдан туып, көзтүрткі болған балаларын пайдалану қажет болды. Біз солай істедік те. Ондай адамдарды тауып алдық.

Жасыратын несі бар, колхоз ұйымдастырдық деген аты болмаса, алғашқы екі жыл әншейін тайға бас білгізу, әлде ойын жолы сияқты бірдеме болды. Мысалы, жиырма сегізінші жылдың күзінде бір үлкен топ өтіздік. Қазақ арасында жиналыс деген сөз сиқісе қоймаған, көбіне топ болады дейтінбіз. Сол топта Күрті болысының азаматтары колхоз болуға тоқтам жасады. Олар екіге бөлініп жазылды.

...Қастек ауданынан бір қоныс, Іле ауданынан екінші қоныс аталды. Елдің жартысы Қастек ауданындағы өздеріне бөлінген Сарышыбырға бармай, Қарасаз деген жерге қоныстанбақ болды да, енді бірсыпырасы Іле ауданына, Құмтоғанда ұйымдастырылатын колхозға жазылды.

...Күртіліктерді осы мына Қарақыстақ үстіне, Сарышыбыр бауырына орналастыру жөнінде сөз болғанда ел сонау судың аяғындағы Қарасазды қалап отырып алды. Ондағы ойлары төменірек қоныстанып, ең болмаса Үшшоқының төбесін көріп отыру еді. Ал енді сол болысқа қарайтын адамның көбі-ақ үгітке көніп, жағдайды түсініп Іле, кейін Қаскелең ауданына қараған колхоздарға бірікті. «Путь Ильича», «Он жылдық», Менжинский атындағы колхоздар сол Асыл-Шыбылдан құралған болатын». (398-399 беттер).

Сонымен қатар бұл романда Прудкидің біраз уақыт «7-ші ауыл», Қарасаздың «16-шы ауыл» деп аталғаны да айтылады.

Иә, 1928-1930 жылдары колхоздастыру барысында «16-шы ауыл» болып, Қарасазда өз алдына жеке отау тіккен ағайынды ел 1931-1932 жылдары алапат ашаршылыққа ұрынды. Одан әупірімдеп аман қалған Әжіке-Байыс руының бірен-саран отбасы қайтадан колхоз құрап, 1933 жылы жалынды мемлекет қайраткері Ораз Жандосовтың есімін меншіктепті. 1937 жылы жалпай саяси қуғын-сүргін кезінде жазықсыз жала жабылып, Ораз ұсталып кеткен соң қайран қасиетті мекенімізге кезінде алашордашыларға қарсы оқ атып, солардың қолынан опат болған қайдағы бір қостанайлық большевик Лаврентий Игнатьевич Таран деген біреудің есімі таңылыпты. Тағдырдың тәлкегі деген сірә, осы шығар.

***

1899 жылы ақпанның 20-да дүниеге келген Ораз Қиқымұлы Жандосов ірі мемлекет қайраткері, публицист-қаламгер, кезінде көптеген проблемалық мақалалар жазған аса сауатты азамат еді. Оның әкесі Қиқым кедейліктің тауқыметін көп тартқан, жастайынан орыс байларына жалданып, күнелткен адам екен. Ол баласы Оразды Алматы (Верный) қаласындағы орыс гимназиясына оқуға береді. Зерек жасөспірім бұл оқу орнында өте жақсы оқиды. Сондықтан достары оны «ғалым бала» деп атап кетеді. Орыс гимназиясында ойдағыдай оқыған Ораз қызметте біртіндеп өсе береді.

1918 жылы ол Верный ерлер гимназиясын бітіріп, революциялық жұмысқа араласады. Жетісу совдепінің нұсқаушысы болып, жергілікті жерде Кеңес өкіметінің нығайтуға атсалысады. Жетісудың ұлт істері жөніндегі облыстық бөлімін басқарады. 1919-1921 жылы Түркістан КП мұсылман коммунистері секциясы облыстық бюросының төрағасы болады. Верныйда, Қапал, Жаркент, Лепсі уездерінде бүлікшілерді талқандауға белсене қатысады. Жетісу облысы революциялық-әскери комитетін және облыстық «Қосшы» одағын басқарады. 1921-1923 жылы Түркістан КП ОК-інің үгіт-насихат бөлімінің екінші хатшысы,1924-1928 жылдары БКП (б) Қазақстан өлкелік комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болады.

Осы жұмыста жүрген кезінде ол қазақ халқының келешегі үшін жан аямай тер төкті. Әсіресе, халық арасынан шыққан талантты қолдауға үлкен күш жұмсады. Іляс Жансүгіров, Жамбыл Жабаев сияқты еліміздің біртуар ұлдарының творчестволық жағынан өсуіне жағдай жасады. Ұлт кадрларын даярлауға ұмтылып, сауатсыздықты жою жолындағы күресте мектептер ашты, қазақ тілінде оқулықтар басып шығаруға барынша атсалысты.

Ораз Жандосов ұстаздыққа үйренетін мұғалімдік курстарды ұйымдастыруды ұсынып, қазақ елін ағартудың жедел шараларын іздестірді. Қазақ мектептерін ашуға басшылық етіп, өзінің аса жігерлі қайраткер екендігін танытты. Құлдыраған ауыл экономикасын қалпына келтіру үшін қарқынды да серпінді қызмет атқарып, есімі ел аузында аңызға айналды.

Ол ауыл экономикасын зерттеу жөніндегі экспедицияны басқарды. Ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып, ғылыми еңбектер жазды. «Еңбекші қазақ» газетіне басшылық жасаған кездері міне, осы қызметте жүрген кезімен тұспа-тұс келеді.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының 10 жылдығына орай 1926 жылы Жетісудағы Қарқара көтерілісіне қатысқандарды мәңгі есте қалдыру мақсатында көтерілісшілер жиынын өткізді. Кейін «Ереуілтөбе» атанып кеткен жерге ескерткіш орнатпақ болып, тас үйіп белгі қалдыруға басқа да қазақ қоғам қайраткерлерімен бірге қолдау көрсетті.

1928-1937 жылы Қазақ АССР ағарту халық комиссары, Қазақ ауыл шаруашылығы институтының директорлығымен қатар республикалық кітапхананың директоры болды. Алматы облысындағы Кеген аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Ұлтаралық қатынасты реттеуге көп еңбек сіңірді. БКП (б)-ның ХІІ және ХІV, КСРО Кеңестерінің екінші, жетінші, сегізінші съезінің делегаты болды.

«Үлкен террор» басталар алдындағы жағдайға қарамастан Алматы облатком төрағасы (1935-1937 жылдары) қызметінде ол халық тұрмысын қалпына келтіру, жақсарту жұмысына жантәнімен беріле кірісті.

Ораз Жандосов-ағарту және мәдениет саласындағы ұлт көсемдерінің бірі ретінде Қазақстан тарихынан көрнекті орын алған тұлға. Аса қысқа мерзім ішінде Қазақстандағы алғашқы оқу орындары – Мемлекеттік университеттің (кейін КазПИ болып қайта құрылған), Мал дәрігерлік және ауыл шаруашылығы институттарының ашылуына көп күш-жігер жұмсады.

Ол өткен ХХ ғасырдың 20-шы жылдары қазақтың ұлттық мәдениетінің жасампаздықпен өрлеуіне және дамуына, Қазақ драма театрының қалыптасуына жемісті ықпал етті. Мемлекеттік (қазіргі Ұлттық) көпшілік кітапханаы «жинастырушы» әрі оның тұңғыш директоры болды. Сондай-ақ республикалық кітап палатасын қоса басқарды.

Ораз Жандосов 20-30 жылдардың бас кезіндегі Қазақстан ғылымының тарихында да көрнекті із қалдырды. Ол кеңестік дәуірде бірінші болып қазақ ауылын социалистік өлшемде кеңінен зерттеуді қолға алды. 1926-1930 жылдары Қазақстанды зерттеу қоғамы – қазіргі Ғылым академиясының ізашары болған ғылыми ассоциациясын қоса басқарды.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезінде-ақ Ораздың есімі қазақ ақындарының бірazының жыр-дастанына арқау болды.Ұлт тарихынан өз орнын алатын қаһармандар қатарындағы азамат ретінде көрсетілді. Ұлы жырау Жамбыл Жабаев оны аты аңызға айналған арғы тегі Қазыбек бекке тартып туған «Батыр» деп бағаласа, айтыс ақыны Нұриланың құттықтауында «Көптің ағасы», яғни жалпақ жұртқа жақын адам деп дәріптеді. Кенен Әзірбаев «Жетісудың серкесі» деп атады.

Ораз Жандосов 1937 жылы тамызда партия қатарынан шығарылып, жалған саяси айыппен тұтқындалды. 1938 жылы 2-ші наурызда ату жазасына кесілді. 1957 жылы 8-ші маусымда ақталды.

***

Еліне қорған болған қайран Ораз Қарасаздағы ағайынның басын құраған жылдары онымен қанаттасып жүрген екі азаматтың бірі Тауасаров Әбдіуәли Байдаулетұлы болатын. Ол сол кездегі Күрті болыстық бөлімшесінің 2-ші ауылында, 1916 жылы қараша айында туған. Сонда 7 кластық білім алды. 1928 жылдан бастап Алматы қаласында тұрды. 1934 жылы Қазақ педагогикалық институтында журналистика мамандығы бойынша оқуға қабылданып, Сәкен Сейфуллин, Іляс Жансүгіров сынды қазақ зиялыларынан дәріс алды.

1937 жылы саяси қуғын-сүргін басталған кезде қазақтың көзі ашық азаматтары жаппай қамала бастағанда Әбдіуәли де сол жылы ақпан айында «Ораз Жандосовтың туысы» деген жаламен 3-ші курста оқып жүргенде бес жылға сотталды. Содан төрт жыл Қиыр Шығыста қамауда болып, Амурдағы Комсомольск деп аталған жердің орманында ағаш кесті. 1941 жылы қаңтарда «тәртібі жақсы» деген анықтама алып, мерзімінен бір жыл ерте босады. Содан осы Таран ауылына келіп тұрақтап, жазда Ұлы Отан соғысы басталғанда майданға аттанды.

Екінші бір атамыз Шалдыбай Сонабай («Қалдықөз» жеңгелері қойған жанама есімі) 1897 жылы туған. Өмірден 1970 жылы өтті. Бұл кісі де 1937 жылы «халық жауы» атанып, «Ораз Жандосовтың сыбайласы» ретінде 10 жылға сотталды. Оған дейін Қарғалы ауылында басшылық қызмет атқарған екен. Қиыр Шығыстағы қапастың дәмін татып, шахтада жұмыс істеген ол 1947 жылы босатылып, Таран ауылына келген. Қалған ғұмыры осы ауылда өтті.

«Ораз Жандосовтың туысы, сыбайласы» деген желеумен жазықсыз жаза шегіп, түрме мен айдаудың азабын көргендер осы екеуі ғана ма, тағы да қаншама ағайындар, рулас азаматтардың басынан өткен тауқыметті айтып тауысу тіпті мүмкін емес. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа сабақ бола жүрсін деген оймен аз ғана мәліметтің айналасында әңгіме қозғадық. Алдағы уақытта Алла біздің елді осындай ойсыз әрекет, оспадарсыз саясаттан сақтасын деген мақсат біздікі.

**Ақбота ТАУАСАРОВА,**
**Балғабек Қыдырбекұлы ауылы кітапханасының меңгерушісі.**

Ғалым жолы

# АМАНАТ АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ

**Тарих – адамзат баласының өткенін зерттейтін қоғамдық, үздіксіз даму үстінде болатын ғылым. Тарихи зерделеу арқылы тарихи сана, мәдениет, дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады. «Халықсыз – тарих, тарихсыз халық жоқ» деген мақал бекер айтылмаса керек.**

Бүкіл саналы ғұмырын ғылым жолына арнаған, қазақ жерінің мәдениетін, тарихи ескерткіштердің жұмбақ сырын ашуға үлес қосқан ұстаз, археолог, тарих ғылымының докторы, профессор, Алматы облысының мемлекеттік архивінің жеке тектік қор иесі Уахит Хамзаұлы Шалекенов 1924 жылы 12 мамыр айында Астрахань облысы, Қарабайлы ауданы, Серікті ауылында дүниеге келген.

1942 жылы Мойнақ аудандық әскери комиссариаты шақыруы бойынша Қызыл әскер қатарына алынады. 1943 жылы Харьков қаласы үшін шайқаста ауыр жарақат алып, майданнан елге қайтып оралады.

Майданнан оралғаннан соң Қарақалпақ педагогикалық институтының тарих факультетін тәмамдап, ұстаздық қызметінен бастайды, кейін Қарақалпақ облыстық комитетінің лектор қызметін атқарады.

1953 жылы Москва қаласында Миклухо-Маклай атындағы КСРО Ғылым Академиясының Этнография институтының аспирантурасын бітіріп, «Қарақалпақ колхозшы шаруалары тұрмыстың социалистік дәуірде өзгеріп, қайта жаңаруы» деген тақырыпта диссертация қорғаған.

1953-1958 жылдары Өзбекстан Ғылым Академиясының Қарақалпақ бөлімінде аға ғылыми қызметкері, 1958-1970 жылдары тарих, тіл және әдебиет институтында археология және этнография бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарады. Шымкент педагогикалық мәдени институтында кафедра меңгерушісі, кейін С.М.Киров (қазіргі Әл-Фараби) атындағы университетте археология және этнография кафедрасының меңгерушісі, 1977-1985 жылдары тарих факультетінің деканы болып қызмет атқарған.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, Уахит Шалекенов ғылыми педагогикалық стажы 40 жылдан астам, 15-тей аспирант дайындаған, 200-ден астам ғылыми жұмыс жазған. Сонымен бірге көптеген ғылыми мақалалардың авторы.

Ұлы Отан соғысындағы ерлігі үшін 1943 жылы «Қызыл Жұлдыз», «Бірнеше дәрежелі Отан соғысы» ордендермен, медальдармен және бірнеше Құрмет грамоталарымен наградталған.

Уахит Шалекенов өзінің барлық саналы ғұмырын Орта Азия Халықтарының тарихын, рухани және материалдық мәдениетін зерттеуге арнап, бұл салада жоғары жетістіктерге ие болған.

Сонымен қатар, айта кететін нәрсе, Уахит Шалекеновтің тікелей қатысуымен 1974 жылдан бері, жермен жексен болған Баласағұн қаласын зерттеумен айналысқан. Жамбыл облысы, Шу аудандағы, Калинин атындағы ауылдың орнында Баласағұн қаласы болғанын ғылыми тұрғыда дәлелдеген.

Уахит Шалекеновтың жеке құжаттары Алматы облысының мемлекетік архивіне 1991 жылы шілде айында өзінің арызы бойынша мемлекеттік сақтауға алынған. Сақтаудағы құжаттар негізінде жоспар бойынша құжаттық көрме, мақалалар жарияланып тұрады.

**Г.НАУРЫЗБАЙ,**
**«Алматы облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің ведомстволық архивтермен жұмыс жасау және жинақтау бөлімінің архивисі.**

Ардагерлердің бастауыш ұйымдарында

**Ащыбұлақ ауылдық округінде бастауыш ардагерлер ұйымының жалпы жиналысы болып өтті. Жиналысқа ұйым мүшелерімен қатар «Алатау жастары» бастауыш ұйымының төрағасы Мұхамедсұлтан Нұрғалиұлы, округтегі білім беру мекемелерінің басшылары және ауданымыздың құрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Исаев Әмзе Әлдибекұлы қатысты.**

# Жаңа төраға сайланды

Бақтияр Кеңесұлы төрағалығымен өткен жиналыста бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы,ауданымыздың құрметті азаматы Бақтыбаев Рүстем Қожанепесұлы денсаулығына байланысты төрағалық лауазымынан босатылды. Орнына осы уақытқа дейін округтегі ардагер ұстаздар қоғамдық кеңесінің төрағасы болып келген Дәлетбай Жамалбекұлы сайланды. Сондай -ақ құрамы 11 адамнан тұратын кеңес мүшелері де сайланып бекітілді.

Өз сөзінде Әмзе Әлдибекұлы Рүстем Қожанепесұлының округкке сіңірген еңбегін ескере отырып рахметін айтты. Ал ұйымның жаңа сайланған кеңес мүшелері мен төрағасына атқаратын жұмыстарының өте ауқымдылығын ескертіп, сәттілік тіледі. Басқа да сөйлеген ұйым мүшелері өздерінің ұсыныстары мен тілектерін жеткізді. Келесі кезек марапаттау рәсіміне ұласты.

Ұзақ жылдар бойы округіміздің әлеуметтік және мәдени келбетінің қалыптасуына үлкен еңбек сіңірген Рүстем Қожанепесұлына округ әкімі Оңалбаев Жасұлан Шерәліұлының, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмзе Әлдибекұлының, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының төрағасы Тұрымбетов Ерболат Сапарұлының алғыс хаттары табыс етіліп, иығына шапан жабылды. Осындай құрметті марапатқа мерейлі 75 жасқа толған округіміздегі аналар кеңесінің төрайымы Гүлжан Дәуітқұлқызы және мерейлі 70 жасқа толған Дәлетбай Жамалбекұлы да ие болды. Сөз кезегін алған ауданымыздың құрметті азаматы, көне көз қариямыз Мэлс Жәлелов көпшілікке ақ батасын берді. Жиын соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

**Өз тілшімізден.**
Іле ауданы.

Армандастар, құрдастар

# ӨМІРІН ӘНМЕН ӨРНЕКТЕП

**Кез келген халық өзінің ұлттық өнерін ерекше бағалаған. Ән өнері халқымыздың өткен өмірінің белес – белестерімен өте тығыз байланыста дамыған. Кез келген ұлт өзінің ұлттық құндылығын, әнін, биін ұмытпаса керек. Өзінің ұлтының өнерін дәріптеп, өмірді әнмен өрнектеп жүрген өнерлі жастардың бар екенін көргенде ерекше қуанам. Өз ұлтының өнерін, әнін елге, жұртқа танытып жүрген жастың бірі- дәстүрлі әнді әуелете шырқап жүрген «Арзу» ансамблінің әншісі Адылжан Маликұлы Хамитов. Көпшілік «Адил Қари» деп атап кеткен әнші баламды ауданда болған бір іс – шарада көріп, өнерлі жастың бойындағы айналасындағы адамдарға әнімен бақыт сыйлайтын қасиетті көріп, осы баламмен бір тілдессем деген ой пайда болды. Ол кездесу аудандық кітапханада болды. Адылжанмен өзімнің баламдай әңгіме дүкен құрдым. Ең бірінші осы өнерді әжесінен үйренгенін паш етті. Әжесі дутарда шебер ойнаған, ұйғыр халқының ән өнерін ерекше үлгі тұтқан адам екен. Ұйғырдың «Он екі мұқамынан» хабары бар адам. Анасын ерекше жақсы көретінін айтып, ананың ақ батасын көзі тірісінде алып қалуды ойлаған. Адылжанды көргенде «Анасы бар адамдар ешқашанда қартаймайды» деген ән жолы есіме түсті. Мен білетін кей пенделер әке –шешесін жалғызсыратып ауылда қалдырып, атақ қуып, мансабы өрлеп бара жатқанына мәз болады, ондай нәрсені көріп жүрміз. Адылжан өз сөзінде талай рет қалаға әр жерде өткен шараларға шақырғанда бармағанын, өнерін осы ортада да көрсетуге болатынын айтып қалды.**



Адылжан талай елді аралап, өз өнерін көрсеткенін, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан деген мықты мемлекеттерде ән шырқап, достар тапқанын мақтанышпен паш етті. Адылжанның ең жек көретін нәрсесі өтірік айту мен сатқындық екенін атап өтті. Жақсылық та, жамандық та бәрі де адам баласының қолында. Өйткені адам бүкіл дүниеге шексіз қожалық етеді. Адылжанның бойында күпірлік деген мүлде жоқ, оны мен әңгімелесе отырып байқап қалдым. Әлемге билік жүргізіп отырған алып мемлекеттерді де сол баяғы адамдар басқарады. Өз сөзінде: «Біз сол ел тізгінін ұстаған басшы – патшалардың ақыл – ойына күпірлік кірмесе екен, жан жүрегіне ізгілік орнап, тыныштықты берік сақтап берсе екен деймiз. Қарапайым халыққа тыныштықтан артық ешнәрсе жоқ»,- деді. Адылжан көбіне халық әндерін жақсылап шырқайды. Мен де қазақтың халық әндерін ерекше жақсы көріп тыңдаймын, кезі келсе, шырқап та бере алам, оны көпшілігі біледі. Өзінің өмірінде үлгі алатын адамдар да бар екенін айта кетті. Олар: Дилмұрат Бахаров пен Шатлық Құдайқұлов. Қытай еліне барғанда атақты әнші Санабар Турсунның үйінде болғанын мақтанышпен айтып кетті. Санабардың өнерін тамсана әңгімелеп берді. Адамды сыйлау кез келген жанда кездесе бермейді. Адылжанның бойында бұл қасиет басым екені көрініп тұр, үлкенді үлкендей қадірлей біледі. Әнде айтылғандай «Өтіп жатыр күн өтіп жатыр ай, баянсыз ғұмыр. Бес күн жалған -ай »,- деп, кейде бір-біріміздің қалымызды сұрауды ұмытпай қаламыз. Адылжан қал сұрасудан, біреуге жақсы сөз айтудан жалыққан емес.

Мен кездескен кезде ана туралы әндерді тыңдайтынымызды, өзіммен қызметтес болған Малик аканың інісі Нұралымның әнін өте жақсы көретінімді тілге тиек еттім. Бірден сол әнді маған ұялы телефоныма жіберіпті. Анашымды, әжемді сағынғанда сол әнді тыңдап қоямын. Адамдарға әркашан жақсылық ойлап, оң көзқараспен қарап жүрген абзал. Жақында бір тойда Адылжан ел мен жұрт алдына шыққанда қасымдағы бір танысым «өте позитивный бала» деп мақтау сөз айтты. Мен де қосыла мақтай жөнелдім. Өзінің жеке концертін өткізгенде бүкіл жұрт өнерін ерекше бағалады. Халықтың алғысымен бірге марапаттары да жетерлік.

Өнердегі және өмірдегі ұстаздары Марат Норузов, Нуралым Варисов осы концертке келіп, өздерінің жүрек жарды лебіздерін білдірді. Адылжан ұстаздарының ақыл-кеңестерін үнемі тыңдап, үлгілі нәтижелер шығарып отырады. «Ұстазы бардың ұстанымы жақсы» деген осы емес пе. Адамды сұлулық, izеттілік, сыйластық жағынан жетілдіре түсетін шығармашылық тәсілдер жайлы айтқанда, адамның өзіне тән даралық ерекшеліктерін көркемдік жағынан көркейтіп жіберетін жасампаздық еңбегін алдымен атау керек. Адам еңбек етуден, халқына қызмет етуден жалықпау керек. «Өнерлі өзге жүзер» деген ұлағатты сөз бар. Адылжанның өнері өзге жүзсін, халқына, өз ұлтына шынайы қызмет етсін! Сахнаға шығып, тек бір әнді бітіре салып, құтылайын демей, халыққа жақсы көңіл-күй сыйласын!

**Рая САРТОЛОВА,**
**Ұйғыр аудандық әжелер кеңесі төрайымы.**

«Знай наших!»

# «НУ, ЗДРАВСТВУЙ, «ГЛОРИ!» Я ЖДАЛА ТЕБЯ!»

**Недавно, случайно, от родительницы узнали такую новость. Наши девочки из школы - танца «GLORY», расположенной в Отеген батыре Илийского района полетели на конкурс в Москву! И не просто выступили там с домашними номерами. Участницы из районного центра представили целую страну, да еще как! В высшей степени достойно!**




Заняли престижное второе место! А в первопрестольной, сами понимаете, абы кому награды не раздают. Да и место выступления - кремлевский дворец - говорит само за себя! Удивлены, горды одновременно!

Поздравляем! Мы связались с художественным руководителем школы танца «GLORY» Анастасией Тен и попросили ее рассказать о поездке в Москву. Вот что мы узнали: «Сама я работаю с детьми без малого 15 лет, а нашей школе «GLORY» в этом году исполнилось семь. В течении этих лет мои ученики не раз становились чемпионами республиканских и международных конкурсов в Казахстане, а также отлично выступили в Кыргызстане. У нас 5 педагогов, работаем в эстрадных, народных направлениях, недавно освоили модный ныне хип-хоп или уличный танцевальный стиль.




В этом году мы взяли планку выше: приняли участие во всероссийском конкурсе «Новые имена». Гала-концерт проходил в Государственном Кремлевском Дворце. Мы были на одной сцене со звездами российской эстрады. В частности, с фолк-группой «Фабрика», Стасом Костюшкиным (дуэт «Чай вдвоем»), балериной Анастасией Волочковой, Настей Негода и другими... Были в подтанцовке с музыкальным дуэтом Galibri & Mavik с их знаменитым треком «Федерико Феллини». Наши дети достойно представили Казахстан, заняв высокое второе место. Конкурсная была высочайшей, на конкурс приехало 59 коллективов, со всех уголков огромной России, были и наши земляки с Западно-Казахстанского города Аксай. Всего на сцену, в разное время, выходило более 2 тысяч участников. Масштабность, зрелищность, спецэффекты, свет, звук, легендарный помост, знаковые имена артистов российской эстрады - все это вызывало небывалое восхищение, волны эмоций у наших девочек! И быть на таком шоу вторыми - это, поверьте, дорогого стоит!

У нас также брали интервью журналисты московского телевидения, ждем эту передачу. И еще мы стали участниками достижений книги рекордов Гиннесса. Как нам объяснили, такое количество участников (более 2 тысяч человек на сцене и за кулисами) является рекордным.

Всего в нашей школе в разных группах занимаются около 200 детей, текучести кадров почти нет. Нас всегда охотно приглашает на мероприятия город Алматы, хотелось бы почаще выступать и в родном поселке Отеген батыр. Не откажемся и от спонсорской поддержки, так как готовимся к недешевым поездкам в Азербайджан, Турцию и Беларусь на «Славянский базар».

В скором времени, пройдя предварительный отбор, выступим в Астане на итоговом грантовом конкурсе, где поборемся за главный приз - 1 миллион тенге. Мы будем представлять культурную столицу Алматы».

Завершая сказанное Анастасией, поздравим ее, школу-танца «GLORY», а также родителей, с этой замечательной победой в Москве.

Перефразируя название школы, что с английского означает «слава, успех», завершим публикацию такими словами: «Ну, здравствуй, «GLORY!» Я ждала тебя!»

Действительно, как назовешь корабль (в данном случае школу), так он и поплывет! Браво!

**Рамазан ЕЛЕШЕВ,**
Илийский район

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

*Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.*

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 нөмерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі саннның таралымы – 6200
Тапсырыс №1013
Индексі – 65472.